

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 157-VII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім):

1) 192-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі ", мемлекеттік меншіктің осы Кодекстің 193-бабында аталған объектілері" деген сөздер алып тасталсын;

2) 193-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"193-бап. Жерге және басқа да табиғи ресурстарға меншік

Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар Қазақстан халқына тиесілі. Қазақстан халқының атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.

Бұл ретте мемлекеттің меншік құқығын жүзеге асыруы Қазақстан халқының мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады.

Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін."

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Жерге меншік

Қазақстан Республикасындағы жер Қазақстан халқына тиесілі. Қазақстан халқының атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Бұл ретте мемлекеттің меншік құқығын жүзеге асыруы Қазақстан халқының мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады. Жер учаскелері осы Кодексте белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.";

2) 122-баптың 2-тармағында:

бірінші бөліктегі "мемлекет меншігінде" деген сөздер "Қазақстан халқының меншігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан халқының атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Бұл ретте мемлекеттің меншік құқығын жүзеге асыруы Қазақстан халқының мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады.";

3) 133-баптың 1-тармағында:

"мемлекет меншігінде" деген сөздер "Қазақстан халқының меншігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан халқының атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Бұл ретте мемлекеттің меншік құқығын жүзеге асыруы Қазақстан халқының мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады."

3. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне:

7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік орман қоры Қазақстан халқына тиесілі. Қазақстан халқының атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Бұл ретте мемлекеттің меншік құқығын жүзеге асыруы Қазақстан халқының мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік орман қоры мемлекеттік меншік объектілеріне жатады және республикалық меншікте болады."

4. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне:

1) 7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Су қорының жері Қазақстан халқына тиесілі. Қазақстан халқының атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Бұл ретте мемлекеттің меншік құқығын жүзеге асыруы Қазақстан халқының мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады.";

2) 8-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының су қорына меншік құқығын Қазақстан халқының мүддесі үшін тек қана мемлекет жүзеге асырады.

2. Қазақстан халқының мүддесі үшін су қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады."

5. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) 5-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "тікелей" деген сөз алып тасталсын;

2) 46-баптың 17-тармағындағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 53-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацындағы "Конституциялық Кеңесінің" деген сөздер "Конституциялық Сотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 54-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацындағы "аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды" деген сөздер "әкімдерді сайлауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 62-баптың 3-тармағының төртінші бөлігінде:

"Конституциялық Кеңесі" деген сөздер "Конституциялық Соты" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 68-баптың 2-1-тармағындағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 74-баптың 1-тармағы екінші бөлігі 4) тармақшасының екінші бөлігіндегі "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 83-бап "мәслихаттардың депутаттарын," деген сөздерден кейін "аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың," деген сөздермен толықтырылсын;

9) 85-баптың 11-тармағындағы "республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 112-баптың 5-тармағындағы "республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 125-баптың 2-тармағындағы "республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 127-бапта:

4-тармақтағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-1-тармақтағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 128-бапта:

1-тармақтағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың үшінші абзацындағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

1) 1-баптың екінші бөлігіндегі "қысым жасайтын", "Кеңесі" деген сөздер тиісінше "нұқсан келтіретін", "Соты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-бапта:

16) тармақ:

"Парламент депутаты," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы," деген сөздермен толықтырылсын;

"судья," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл," деген сөздермен толықтырылсын;

28) тармақ "мәслихаттардың депутаттығына," деген сөздерден кейін "аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 377-бапта:

тақырыптағы "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 17-тараудың тақырыбы "орындалу тәртібіне" деген сөздерден кейін ", конституциялық іс жүргізуге" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 408-бапта:

тақырыптағы "Сот төрелігін" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты судьясының, сот төрелігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацта:

"Судьяның," деген сөз "Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты судьясының, судьяның," деген сөздермен ауыстырылсын;

"сотта" деген сөз "Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотында, сотта" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 409-бапта:

тақырыптағы "Сот төрелігін" деген сөздер "Конституциялық іс жүргізуді, сот төрелігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацында:

"сотта" деген сөз "Қазақстан Республикасының Конституциялық сотында, сотта" деген сөздермен ауыстырылсын;

"байланысты" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясына," деген сөздермен толықтырылсын;

7) 410-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"410-бап. Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотын, сотты құрметтемеу";

бірінші бөліктің бірінші абзацында:

"Сот талқылауына қатысушыларды" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотын, сотты конституциялық іс жүргізуге қатысушыларды, жолданымды қарау кезінде тартылатын өзге де тұлғаларды, олардың өкілдерін, сот талқылауына қатысушыларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қорлаудан көрінген, сотты" деген сөздер "қорлаудан көрінген" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацындағы "Судьяны" деген сөз "Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының судьясын, судьяны" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 411-бапта:

тақырыптағы "Судьяға" деген сөз "Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясына, судьяға" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацында:

"сотта" деген сөз "Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотында, сотта" деген сөздермен ауыстырылсын;

"байланысты" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясына," деген сөздермен толықтырылсын.

7. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

1) 1-баптың екінші бөлігіндегі "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 10-баптың екінші бөлігіндегі "қысым көрсететін", "қысым көрсетеді", "Кеңесіне" деген сөздер тиісінше "нұқсан келтіретін", "нұқсан келтіреді", "Сотына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 35-баптың бірінші бөлігінің б) тармағындағы "Кеңесі" деген сөз "Соты" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 45-баптың екінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "қысым көрсететін", "Кеңесіне" деген сөздер тиісінше "нұқсан келтіретін", "Сотына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "Кеңесі" деген сөз "Соты" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 187-баптың төртінші бөлігіндегі "146," деген цифрлар алып тасталсын;

6) 193-бапта:

бірінші бөліктің 12-1) тармағының бірінші абзацындағы "азаптаулар, Қазақстан Республикасы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Прокурор азаптаулар туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады.";

7) 234-баптың төртінші бөлігіндегі "Нұр-Сұлтан қаласының" деген сөздер "астананың мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 390-баптың алтыншы бөлігіндегі "Кеңесі" деген сөз "Соты" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 476-баптың 15) тармағындағы "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 499-баптың екінші бөлігінің 5) тармағындағы "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 501-баптың төртінші бөлігінің 2) тармағындағы "Кеңесі" деген сөз "Соты" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 547-баптың бесінші және оныншы бөліктеріндегі "Нұр-Сұлтан қаласының" деген сөздер "астананың мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 549-бапта:

тақырыптағы "Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне" деген сөздер "Конституциялық Сотының Төрағасына, Төрағасының орынбасарына, судьясына" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне" деген сөздер "Конституциялық Сотының Төрағасына, Төрағасының орынбасарына, судьясына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "Конституциялық Кеңесінің Төрағасы немесе мүшесі" деген сөздер "Конституциялық Сотының Төрағасы, Төрағасының орынбасары, судьясы" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне" деген сөздер "Конституциялық Сотының Төрағасына, Төрағасының орынбасарына, судьясына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Конституциялық Кеңесі Төрағасының немесе мүшесінің" деген сөздер "Конституциялық Соты Төрағасының, Төрағасы орынбасарының, судьясының" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшесі өз өкілеттіктерінің мерзімі ішінде қылмыс орнында ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайларды қоспағанда, оларды" деген сөздер "Қылмыс орнында ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған

жағдайлардан басқа кезде Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Төрағасының орынбасарын, судьясын өз өкілеттіктерінің мерзімі ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте:

"Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшесін" деген сөздер "Конституциялық Сотының Төрағасын, Төрағасының орынбасарын, судьясын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне" деген сөздер "Конституциялық Сотының Төрағасына, Төрағасының орынбасарына, судьясына" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлікте:

"Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшесін" деген сөздер "Конституциялық Сотының Төрағасын, Төрағасының орынбасарын, судьясын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Нұр-Сұлтан қаласы" деген сөздер "астананың" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 550-баптың бесінші бөлігіндегі "Нұр-Сұлтан қаласы" деген сөздер "астананың" деген сөзбен ауыстырылсын;

15) 551-баптың алтыншы бөлігіндегі және жетінші бөлігінің екінші абзацындағы "Нұр-Сұлтан қаласының" деген сөздер "астананың мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 551-1-бапта:

екінші бөліктегі "Бас Прокурорының" деген сөздер "Парламенті Сенатының" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қылмыстық жауаптылыққа тартуға, ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына ұсыну енгізеді. Ұсыну Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны ұсынудың, сотқа күзетпен ұстау, ұйқамаққа алу түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхат енгізудің, оны ұстап алу, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына мәжбүрлеп әкелу қажеттігі туралы мәселені шешудің алдында енгізіледі.";

мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының шешімін алғаннан кейін одан әрі іс бойынша іс жүргізу осы Кодекстің 547-бабының алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.";

төртінші бөліктегі және бесінші бөліктің екінші абзацындағы "Нұр-Сұлтан қаласының" деген сөздер "астананың мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 552-бапта:

тақырыптағы "Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне" деген сөздер "Конституциялық Сотының Төрағасына, Төрағасының орынбасарына, судьясына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

"Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне" деген сөздер "Конституциялық Сотының Төрағасына, Төрағасының орынбасарына, судьясына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және 83-бабының 3-тармағында" деген сөздер ", 83-бабының 3-тармағында және 83-1-бабының 3-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"551-1-бабында" деген сөздер "551-1-бабының үшінші бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне:

1) 32-бапта:

бірінші бөліктің 5) тармақшасындағы "Адам құқықтары" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл талап Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қолданылмайды.";

2) 9-тараудағы "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілді", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілге" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 88-баптың төртінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын :

"Қылмыстық-атқару жүйесі уәкілетті органының сотталған адамды осы бөліктің бірінші абзацының 1) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша басқа облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) мекемесіне ауыстыру туралы шешімі жазаны өтеу орны бойынша аудандық не оған теңестірілген прокурордың қорытындысы ескеріле отырып қабылданады."

9. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 82-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының заңдары жобаларының тұжырымдамалары," деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтың төртінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының заңдары жобаларының тұжырымдамаларында және" деген сөздер алып тасталсын;

2) 83-баптың 6-тармағының 3) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының заңы жобасы тұжырымдамасының," деген сөздер алып тасталсын;

3) 96-баптың 4-тармағының 6) тармақшасындағы "заң жобаларының және нормативтік құқықтық актілер жобаларының тұжырымдамалары" деген сөздер "реттеушілік саясаттың консультативтік құжаттары, нормативтік құқықтық актілердің жобалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 135-баптың 3-тармағының 1) тармақшасындағы "Заңына" деген сөз "Конституциялық заңына" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

1) 1-баптың екінші бөлігіндегі "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 6-баптың екінші бөлігінде:

"қысым көрсететін", "қысым көрсетеді", "Конституциялық Кеңесіне" деген сөздер тиісінше "нұқсан келтіретін", "нұқсан келтіреді", "Конституциялық Сотына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Конституциялық Кеңестің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 21-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "Кеңесі" деген сөз "Соты" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 27-баптың 1-2-бөлігінің бірінші абзацындағы "Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, Нұр-Сұлтан қаласының" деген сөздер "Астананың мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, астананың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 148-баптың үшінші бөлігіндегі "әрекетке қабілетсіз тұлғаның" деген сөздер "кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 219-баптағы ", ол азаматтық істің материалдарына қоса тіркеледі" деген сөздер алып тасталсын;

7) 272-баптың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында:

"қысым жасайтындығын байқаған", "конституцияға сәйкес еместігін", "Кеңесіне" деген сөздер тиісінше "нұқсан келтіреді деп тапқан", "конституциялық емес", "Сотына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Конституциялық Кеңестің", "конституцияға сәйкес келетіндігін" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының", "конституциялылығын" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 274-баптың 4) тармақшасындағы "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 402-баптың екінші абзацындағы "Нұр-Сұлтан қаласының" деген сөздер "астананың" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 455-баптың үшінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 459-баптың 5) тармақшасындағы "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын.

11. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне:

7-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы "соттың заңды күшіне енген үкіміне байланысты" деген сөздер "заңды күшіне енген қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

406-баптың 2-тармағының 7) тармақшасында:

"хатшысы" деген сөз "кеңесшісі" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Конституциялық Кеңесінің" деген сөздер "Конституциялық Сотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл" деген сөздермен толықтырылсын.

13. 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

11-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер қойнауы Қазақстан халқына тиесілі. Қазақстан халқының атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Бұл ретте мемлекеттің меншік құқығын жүзеге асыруы Қазақстан халқының мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады."

14. 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне:

1) 1-баптың төртінші бөлігіндегі "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3-бапта:

үшінші бөліктің 4) тармақшасындағы "Конституциялық Кеңесі" деген сөздер "Конституциялық Соты" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте:

2) тармақшадағы "Конституциялық Кеңесі туралы," деген сөздер "Конституциялық Соты туралы, Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Осы Кодексте белгіленген әкімшілік рәсімдердің тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық өкілеттігіне және Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ететін органның қызметіне қолданылмайды.";

жетінші бөліктің 1) тармақшасындағы "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 7-баптың үшінші бөлігінде:

"Кеңесіне" деген сөз "Сотына" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 18-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "Кеңесі" деген сөз "Соты" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 66-баптың төртінші бөлігіндегі "тұрғылықты жерінің (орналасқан жерінің) мекен-жайы, жұмыс орны, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, электрондық мекенжайы дұрыс екендігін", "саналатындығын" деген сөздер тиісінше "тұрғылықты жері (орналасқан жері) жұмыс орны мекенжайының, ұялы байланыстың абоненттік нөмірінің, электрондық мекенжайының дұрыс екендігімен", "есептелетіндігімен танысқандығын" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 91-баптың жетінші бөлігіндегі "Заңында белгіленген негіздерде және шектерде" деген сөздер "Конституциялық заңында белгіленген негіздерде, шектерде және тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 98-баптың үшінші бөлігіндегі "74-бабына" деген сөздер "73-бабына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 102-баптың үшінші бөлігіндегі "Нұр-Сұлтан қаласының" деген сөздер "астананың" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 106-баптың екінші бөлігіндегі "Нұр-Сұлтан қаласының" деген сөздер "астананың" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 148-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Егер тараптың бұрын білдірілген келісімді қайтарып алу туралы өтінішхаты келіп түссе, сот ауызша талқылауға көшеді.";

11) 168-баптың жетінші бөлігіндегі "Нұр-Сұлтан қаласының" деген сөздер "астананың" деген сөзбен ауыстырылсын.

15. 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 22-тараудағы "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілді", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен",

"Адам құқықтары жөніндегі уәкілге" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 273-баптың 4-тармағының 8) тармақшасындағы "Заңында белгіленген" деген сөздер "Конституциялық заңында белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын.

16. "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 12-баптың 7-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясына қатысты арнаулы жедел-ізвестіру іс-шаралары Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының санкциясымен ғана жүргізілуі мүмкін.";

2) 25-баптың 2-тармағында:

1) тармақша "мәліметтерден басқа," деген сөздерден кейін "жедел-ізвестіру іс-шараларын ұйымдастыру мен жүргізу тактикасын регламенттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1), 1-2), 2-1) және 3-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу туралы қаулы шығарады;

1-2) жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу туралы жазбаша нұсқаулар береді;"

"2-1) прокурордың санкциясыз жүргізілген арнаулы жедел-ізвестіру іс-шарасының заңдылығы туралы қаулы шығарады;"

"3-1) жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының заңсыз шешімдерінің күшін жояды;"

17. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

24-баптағы "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтау" деген сөздер "күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтау" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

3-баптың 5) тармақшасындағы "Кеңесі мен" деген сөздер "Соты мен Қазақстан Республикасы" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

11-бапта:

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы, Төрағасының орынбасары, судьялары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және өзге де соттардың Төрағасы мен судьялары, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен жұмыскерлері, әскери қызметшілер саяси партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап әрекет етпеуге тиіс.";

мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші бөліктермен толықтырылсын:

"Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерді қоспағанда, осы баптың бесінші бөлігінде аталған адамдар тағайындалған, сайланған, қызметке кірген күннен бастап он күн ішінде саяси партиялардан, кәсіптік одақтардан шығуға тиіс.

Әскери қызметке қабылданған немесе құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кірген жағдайда саяси партияға, кәсіптік одақтарға мүшелік автоматты түрде тоқтатылады."

20. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

67-баптың 3-4-тармағындағы "Нұр-Сұлтан қаласының" деген сөздер "Астананың" деген сөзбен ауыстырылсын.

21. "Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-баптың бірінші бөлігіндегі ", егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе," деген сөздер алып тасталсын;

2) 45-бапта:

"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"хатшы" деген сөз "кеңесші" деген сөзбен ауыстырылсын.

22. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 18-3-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 21-баптың 2-тармағының 9-2) тармақшасында:

"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы" деген сөздермен ауыстырылсын.

23. "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

5-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "Кеңестің" деген сөз "Соттың" деген сөзбен ауыстырылсын.

24. "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

3-3-тараудағы "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілді" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-бапта:

тақырып "Мәслихаттар" деген сөзден кейін ", әкімдер" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Әкімдер мен олардың орынбасарлары саяси партиялардың филиалдарында және өкілдіктерінде лауазымдарды атқаруға құқылы емес.

Тағайындау немесе сайлау кезінде әкімдер мен олардың орынбасарлары саяси партиялардың филиалдарында және өкілдіктерінде лауазымдарды атқарған жағдайда, олар тағайындалған немесе сайланған күннен бастап он күн ішінде көрсетілген лауазымдарды босатуға тиіс.";

2) 5-бапта:

3-тармақтағы "Тиісті" деген сөз "Мәслихат депутаттарының кезекті сайлауын өткізу үшін тиісті" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Әкімшілік-аумақтық бірліктің шекаралары өзгерген (қосылған, біріккен) және қайта құрылған жағдайларда, мәслихат депутаттары жаңадан сайланған мәслихат сессиясының жұмысы басталғанға дейін өз өкілеттіктерін сақтайды және қайта ұйымдастырылған мәслихаттардың депутаттары болып табылады.

Әкімшілік-аумақтық бірліктің шекаралары бөлініп шығу немесе бөліну арқылы өзгерген жағдайда:

1) аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған мәслихат депутаттары олардың сайлау округтеріне тиесілігіне қарай бөлінеді;

2) саяси партиялардан партиялық тізімдер бойынша сайланған мәслихат депутаттары тиісті саяси партияның пікірі ескеріле отырып, мәслихаттың шешімі бойынша жаңадан құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктің халық санына пропорционалды түрде бөлінеді.

Әкімшілік-аумақтық бірлік таратылған жағдайда тиісті мәслихат таратылады.";

3) 6-бап мынадай мазмұндағы 2-11-тармақпен толықтырылсын:

"2-11. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты мемлекеттік саяси қызметші болып табылатын сайланған әкімнің отставкасын қабылдау немесе отставкасын қабылдаудан уәжді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Отставканы қабылдау немесе отставканы қабылдаудан бас тарту туралы шешім мемлекеттік саяси қызметші болып табылатын сайланған әкімнің жеке жазбаша өтініші берілген күннен бастап бір ай мерзімде қабылданады.

Отставка қабылданған жағдайда аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының тиісті шешімінің көшірмесі аумақтық сайлау комиссиясына жіберіледі.";

4) 8-бапта:

1-тармақтағы "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтың 1) тармақшасындағы "хатшысын" деген сөз "төрағасын" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 10-бапта:

2-тармақтағы "хатшысы", "ерекше мәселелер" деген сөздер тиісінше "төрағасы", "мәселелер ғана" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 11-бапта:

2-тармақта:

"хатшысы сайланғанға дейін" деген сөздер "төрағасы сайланғанға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"хатшысы жүргізеді" деген сөздер "төрағасы жүргізеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "хатшысының" деген сөз "төрағасының" деген сөзбен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "хатшысының" деген сөз "төрағасының" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 14-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "хатшысына" деген сөз "төрағасына" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 17-баптың 1-тармағындағы "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 19-бапта:

тақырыптағы "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацындағы "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-1-тармақтағы "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "хатшысының" деген сөз "төрағасының" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 19-1-бапта:

3-тармақтағы "хатшысының" деген сөз "төрағасының" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "хатшысының" деген сөз "төрағасының" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 20-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3-3) тармақшамен толықтырылсын:

"3-3) партиялық тізім бойынша сайланған мәслихат депутаты саяси партия филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органының шешімі бойынша кері шақырып алынса;"

4-1-тармақтағы "және 3-2)" деген сөздер ", 3-2) және 3-3)" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 21-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтың 6) тармақшасындағы "хатшысына" деген сөз "төрағасына" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-1-тармақ алып тасталсын;

13) 21-2-баптың 1-тармағындағы "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 23-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"23-1-бап. Мәслихат депутаттарының әкімдер лауазымына тағайындауға келісім беру тәртібі";

4-тармақ алып тасталсын;

15) 24-бапта:

1-тармақтағы "тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына" деген сөздер "облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне қатысты, тиісінше, Қазақстан Республикасы Президентінің не өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдеріне қатысты жоғары тұрған әкімнің алдына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "хатшысына" деген сөз "төрағасына" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 24-1-бапта:

7-тармақтың бірінші бөлігіндегі "мәслихаттың хатшысы" деген сөздер "мәслихатының төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

үшінші бөліктегі "мәслихаттың хатшысы" деген сөздер "мәслихатының төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөліктегі "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

17) 28-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Президенті облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімін, тиісінше, облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттары депутаттарының келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен лауазымға тағайындайды.";

18) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"32-бап. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімін лауазымға сайлау, қызметінен босату және оның өкілеттігін тоқтату тәртібі

1. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес лауазымға сайланады.

Бір адам аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі болып қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды.

Сайланған аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің өкілеттігі оны тиісті аумақтық сайлау комиссиясы тіркеген кезден басталады.

2. Сайланған аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің өкілеттігі өкілеттік мерзімі өткен соң, сондай-ақ:

1) әкім қайтыс болған, әкімді әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі, хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімі не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген;

2) өзін ұсынған саяси партия қайта ұйымдастырылған және таратылған жағдайларды қоспағанда, саяси партияға мүшелігі тоқтатылған;

3) жоғары тұрған әкім аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты депутаттарының әкімге қатысты білдірген сенімсіздік вотумын қабылдаған;

4) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

5) тиісті аумақтық сайлау комиссиясы жаңадан сайланған әкімді тіркеген жағдайларда;

6) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Сайланған аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің өз өкілеттігі кезеңінде зейнеткерлік жасқа толуы оның өкілеттігін тоқтатуға негіз болып табылмайды.

3. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің өкілеттігі осы баптың 2-тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған кезде тиісті аумақтық сайлау комиссиясы шешім қабылдайды, онда әкімнің өкілеттігін тоқтатуға алып келетін негіздердің

басталу фактісі көрсетіледі және облыс әкіміне аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсынуды енгізу туралы шешім қабылданады.

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясының ұсынуы негізінде облыс әкімі тиісті аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің өкілеттігін тоқтатады.";

19) мынадай мазмұндағы 32-1 және 32-2-баптармен толықтырылсын:

"32-1-бап. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату және оның өкілеттігін тоқтату тәртібі

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімін:

1) осы Заңда белгіленген тәртіппен тиісінше облыстық маңызы бар қала және аудан мәслихатының келісімімен облыс әкімі лауазымға тағайындайды;

2) облыс әкімі оның өкілеттігін тоқтатады және лауазымынан босатады.

32-2 бап. Облыстық маңызы бар қаладағы аудан, республикалық маңызы бар қаладағы және астанадағы аудан әкімін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату және оның өкілеттігін тоқтату тәртібі

1. Облыстық маңызы бар қаладағы аудан әкімін:

1) осы Заңда белгіленген тәртіппен облыстық маңызы бар қала мәслихатының келісімімен облыстық маңызы бар қала әкімі лауазымға тағайындайды;

2) облыстық маңызы бар қала әкімі оның өкілеттігін тоқтатады және лауазымынан босатады.

2. Республикалық маңызы бар қаладағы және астанадағы аудан әкімін:

1) осы Заңда белгіленген тәртіппен республикалық маңызы бар қала және астана мәслихатының келісімімен республикалық маңызы бар қала және астана әкімі лауазымға тағайындайды;

2) республикалық маңызы бар қала және астана әкімі оның өкілеттігін тоқтатады және лауазымынан босатады.";

20) 36-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес лауазымға сайланады.";

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сайланған аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өз өкілеттігі кезеңінде зейнеткерлік жасқа толуы оның өкілеттігін тоқтатуға негіз болып табылмайды.";

6-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

21) мынадай мазмұндағы 36-2-баппен толықтырылсын:

"36-2-бап. Сайланатын әкімдердің кандидаттарына қойылатын талаптар

Әкімді тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің халқы жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы осы Заңның және Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасының талаптарына сай келетін, жиырма бес жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан төрт жыл мерзімге лауазымға сайлайды.";

22) 37-баптың 8-тармағындағы "Президенті," деген сөз алып тасталсын.

26. "Саяси партиялар туралы" 2002 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-бапта:

1-тармақтағы "бір мың" деген сөздер "жеті жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың бірінші абзацындағы "екі айдың" деген сөздер "үш айдың" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың 1) тармақшасындағы "алты" деген сөз "жеті" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 8-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы, Төрағасының орынбасары, судьялары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және өзге де соттардың Төрағасы мен судьялары, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен жұмыскерлері, әскери қызметшілер саяси партияларда болмауға, қандай да бір саяси партияға қолдау көрсетпеуге тиіс.

Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерді қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған адамдар тағайындалған, сайланған, қызметке кірген күннен бастап он күн ішінде саяси партиялардан шығуға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс.

Халыққа ант беру кезінде Қазақстан Республикасының Президенті саяси партияда тұрған жағдайда, ол ант берген күннен бастап он күн ішінде саяси партиядан шығуға тиіс.";

8-тармақта:

бірінші бөлік "қабылдану" деген сөзден кейін ", құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіру" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "Әскери қызметке кірген" деген сөздер "Әскери қызметке қабылданған немесе құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кірген" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 9-баптың 1-тармағында:

8) тармақшадағы ", аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне" деген сөздер алып тасталсын;

9) тармақшадағы "немесе ротациялау" деген сөздер алып тасталсын;

4) 10-бапта:

3-тармақтағы "алты" деген сөз "он екі" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

"алты жүз" деген сөздер "екі жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жиырма" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 15-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттығына, аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне кандидаттар ұсынуға; мәслихаттардағы өз өкілдері арқылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатуралар ұсынуға құқылы

Әкімшілік-аумақтық бірліктің шекаралары бөлініп шығу немесе бөліну арқылы өзгерген жағдайда, саяси партия:

мәслихат бөлген мандаттарды ескере отырып, қайта ұйымдастырылған мәслихат депутаттарының дербес құрамын;

тіркелген партиялық тізімге енгізілген кандидаттарды бөледі;"

6) 15-1-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Саяси партия Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін бекіткен кезде оларға үш санат өкілдерін: әйелдерді, жастарды, мүгедектігі бар адамдарды жиынтығында кандидаттардың жалпы санының кемінде отыз пайызы көлемінде енгізеді.

2. Саяси партия мәслихат депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін бекіткен кезде оларға әйелдерді және жастарды жиынтығында кандидаттардың жалпы санының кемінде отыз пайызы көлемінде енгізеді.";

7) 16-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тиісті мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдері, аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне кандидаттар, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаттары депутаттығына кандидаттар ұсынылады." .

27. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

8-тараудағы "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілді" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді" деген сөздермен ауыстырылсын.

28. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

19-баптың 3-тармағы кестесінің 16-жолының 2-бағанындағы "Нұр-Сұлтан" деген сөз "Астана" деген сөзбен ауыстырылсын.

29. "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспедегі "принциптерін, құқықтық статистика және арнайы есепке алуды жүргізу саласында статистикалық қызметті жүзеге асырушы уәкілетті органның және өзге де мемлекеттік органдардың" деген сөздер "қағидаттарын, уәкілетті орган мен құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

2) тармақшадағы "ақпараттық дерекқоры" деген сөздер "электрондық ақпараттық ресурстары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада:

"статистикалық мақсатта пайдалану үшін" деген сөздер алып тасталсын;

"мәліметтер" деген сөз "құжатталған ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "ұсынылған нысанына қарамастан, ақпараттық есепке алу құжатында жазылған" деген сөздер алып тасталсын;

5) тармақша "оптикалық" деген сөзден кейін ", электрондық" деген сөзбен толықтырылсын;

7) тармақшадағы "сот ісін жүргізудің және" деген сөздер "және әкімшілік сот ісін жүргізудің, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1) мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйенің географиялық ақпараттық карталары – мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйенің нақты уақыт режимінде елді мекендердің географиялық координаттарында құқықтық статистикалық ақпаратты визуализациялауды қамтамасыз ететін құрамдасы,";

8) тармақшадағы "қылмыстылықтың, қылмыстық сот ісін жүргізудің," деген сөздер "қылмыстық теріс қылық пен қылмыстылықтың, сотқа дейінгі іс жүргізуді тергеп-тексерудің, қылмыстық сот ісін жүргізудің, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері –Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органға құқықтық статистикалық ақпарат беретін құқық қорғау, арнаулы, сот және өзге де мемлекеттік органдар, ұйымдар, сондай-ақ адамдар;"

14) тармақшадағы "құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті" деген сөздер "мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында қызметті" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) есептік-тіркеу тәртібі – құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің уәкілетті орган белгілеген өлшемшарттарға, шектерге, параметрлерге, көлемдерге және мерзімдерге сәйкес құқықтық статистикалық ақпаратты беруі.";

3) 2-баптың 1-тармағындағы "заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына" деген сөздер "заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 6-бапта:

6), 8), 12-1) және 12-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеуді жүзеге асырады және (немесе) есепке алуды жүргізеді;"

"8) уәкілетті органның тапсырмаларын іске асыру шеңберінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерімен өзара іс-қимыл жасайды;"

"12-1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеуді және есепке алуды үйлестіреді;"

"12-3) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу жөніндегі ақпараттық жүйелер, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесі операторының:

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

пайдалануды, қолдап отыруды, дамытуды, мониторингі жүзеге асыру;

іркiлiссiз және тиiсiнше жұмыс iстеудi, сондай-ақ қорғауды қамтамасыз ету;

электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

анықталған кемшіліктерге жедел ден қоюды және оларды жою жөнінде шаралар қолдануды қамтамасыз ету бойынша функцияларын жүзеге асырады;"

12-4) тармақшадағы "құқық қорғау" деген сөздер "мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу жөніндегі ақпараттық жүйелердің, құқық қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-5), 12-6) және 12-7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"12-5) мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйенің географиялық ақпараттық карталарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

12-6) тоқтатылған қылмыстық істерді қабылдауды, беруді, олармен танысуды, сақтауды және жоюды жүзеге асырады;

12-7) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген мемлекеттік бақылау актілерінің және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың нысандарын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 12-9), 12-10) және 12-11) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-9) қылмыстық істерді тергеп-тексеру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеу және (немесе) есепке алу процестеріне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіреді;

12-10) жолданымдарды қарау бойынша операциялық бағалау жүргізеді;

12-11) жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсетеді;"

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ведомство аумақтық органдармен және оларға теңестірілген органдармен өз қызметін уәкілетті органның құзыреті шегінде жүзеге асырады.";

5) 7-бапта:

тақырыптағы "Уәкілетті орган мен оның аумақтық органдарының" деген сөздер " Уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзацта:

"мен оның аумақтық органдары" деген сөздер алып тасталсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2) тармақшада:

"сот және қылмыстық ізге түсу органдарының іс жүргізу қызметіне араласпай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері" деген сөздер "құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырумен және арнайы есепке алуды жүргізумен байланысты емес қызметіне араласпай, олар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бақылау мен" деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында заңдылықтың сақталуына тексеру, заңдылықтың жай-күйіне талдау, күшіне енген актілерге бағалау жүргізуге;"

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) уәкілетті органда тіркеуге жататын тексерулерді, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және Қазақстан

Республикасының заңдарында көзделген, мемлекеттік бақылаудың, сондай-ақ қадағалаудың басқа да нысандарын тағайындау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылғандығы анықталған жағдайларда, оларды тағайындау туралы актілерді тіркеуден бас тартуға;"

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) құқықтық статистикалық ақпаратқа Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған тәсілдермен қолжетімділік беруге;"

2-тармақта:

бірінші абзацта:

"мен оның аумақтық органдары" деген сөздер алып тасталсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

б) тармақшадағы "мемлекеттік құпиялары және заңмен қорғалатын құпиялары бар" деген сөздер "мемлекеттік құпиялар мен дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "табыс етуді жүзеге асыруға міндетті." деген сөздер "ұсынуды;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауды жүзеге асыруға міндетті.";

б) 8-баптың 2-тармағында:

3) тармақшада:

"мемлекеттік құпияларды және" деген сөздер "мемлекеттік құпияларды, дербес деректерді және өзге де" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сондай-ақ" деген сөзден кейін "мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу жөніндегі ақпараттық жүйелерден," деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) уәкілетті органда тіркеуге жататын тексерулерді, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылаудың, сондай-ақ қадағалаудың басқа да нысандарын тағайындау туралы актілерді тіркеуге міндетті.";

7) 9-баптың 1-тармағындағы "мемлекеттік құпиялары және заңмен қорғалатын құпиялары бар" деген сөздер "мемлекеттік құпияларды, дербес деректерді және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 10-баптағы "және оның аумақтық органдары" деген сөздер алып тасталсын;

9) 11-баптағы "және оның аумақтық органдары" деген сөздер алып тасталсын;

10) 12-бапта:

3-тармақта:

1) тармақша "қылмыстық жауаптылыққа" деген сөздерден кейін "тартылған және" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "жасырынған адамдарды" деген сөздер "жасырынып жүрген іздеудегі адамдарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) хабарсыз жоғалып кеткен іздеудегі адамдарды;"

6-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-2) тармақшамен толықтырылсын:

"6-2) шетелде қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органда тіркелетін тексерулерді, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген, мемлекеттік бақылаудың, сондай-ақ қадағалаудың басқа да нысандарын;"

16-2) тармақшадағы "адамдарды" деген сөз "іздеудегі адамдарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "құру, қалыптастыру, сақтау, жүргізу және пайдалану ережесін" деген сөздер "жүргізу, пайдалану және сақтау қағидаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 16-1-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік "өзге де органдардың қызметкерлеріне" деген сөздерден кейін "және (немесе) жұмыскерлеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Өзге де органдардың құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен өздеріне жүктелген міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты алу тәртібі мен негіздері Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және өзге де органдардың бірінші басшыларының бірлескен нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.";

12) 16-2-баптың 5-тармағындағы "актілерінде" деген сөз "актісінде" деген сөзбен ауыстырылсын.

30. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

38-баптың 2-тармағындағы "Нұр-Сұлтан" деген сөз "Астана" деген сөзбен ауыстырылсын.

31. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жануарлар дүниесі Қазақстан халқына тиесілі. Қазақстан халқының атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Бұл ретте мемлекеттің меншік құқығын

жүзеге асыруы Қазақстан халқының мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады.";

2) 15-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын.

32. "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

4-тараудағы "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілді" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді" деген сөздермен ауыстырылсын.

33. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

12-бапта:

1-тармақта:

"Конституциялық Кеңес" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Премьер-Министрдің" деген сөздерден кейін ", Бас Прокурордың" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтағы "Конституциялық Кеңеске" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына" деген сөздермен ауыстырылсын.

34. "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

4-баптың 3) тармақшасындағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының" деген сөздермен ауыстырылсын.

35. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері орналасқан өзге де санаттардағы жерлердің жер учаскелері Қазақстан халқына тиесілі және иеліктен шығаруға жатпайды. Қазақстан халқының атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Бұл ретте мемлекеттің меншік құқығын жүзеге асыруы Қазақстан халқының мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады.";

2) 78-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын.

36. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Астана Қазақстан Республикасының Конституциясында айқындалған.";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының астанасы (бұдан әрі – астана):";

2) 4-баптың 1-тармағында:

"Нұр-Сұлтан қаласының экономикасын" деген сөздер "астананың экономикасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Нұр-Сұлтан қаласының құрметті азаматы" деген сөздер "Астана қаласының құрметті азаматы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5-баптың 1-тармағындағы "Нұр-Сұлтан қаласының" деген сөздер "астананың" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 8-баптың 3) тармақшасының алтыншы абзацындағы "Нұр-Сұлтан қаласы" деген сөздер "астана" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 9-баптың 2), 3), 18-1), 19-13), 29) және 38) тармақшаларындағы "Нұр-Сұлтан қаласының", "Нұр-Сұлтан қаласын", "Нұр-Сұлтан қаласы" деген сөздер тиісінше "астананың", "астананы", "астана" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 9-1-баптың бірінші абзацындағы және 1) тармақшасындағы "Нұр-Сұлтан қаласының", "Нұр-Сұлтан қаласын", "Нұр-Сұлтан қаласының" деген сөздер тиісінше "Астананың", "астананы", "астананың" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 12-баптың 1-тармағында:

"Нұр-Сұлтан қаласының" деген сөздер "Астананың" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Нұр-Сұлтанның бас жоспары" деген сөздер "астананың бас жоспары" деген сөздермен ауыстырылсын.

37. "Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы" 2008 жылғы 20 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Ассамблея Кеңесінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бес депутатын тағайындайды";

2) 9-бапта:

4-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

8-тармақ алып тасталсын;

3) 10-бапта:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын бес кандидат бойынша ұсыныстар енгізу;"

6-тармақ "Кеңестің шешімі" деген сөздерден кейін "хаттамамен ресімделеді және ол" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 14-баптың 7-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын кандидаттар жөнінде ұсыныстар әзірлейді, олар Кеңеске жіберіледі;"

5) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Кеңестің ұсынысы бойынша тағайындалатын депутатының өкілеттігін тоқтату

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Кеңестің ұсынысы бойынша тағайындалатын депутатының өкілеттігі Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша, оның ішінде Кеңестің ұсыныстары негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Кеңестің ұсынысы бойынша тағайындалған депутатын кері шақырып алу туралы ұсыныс Кеңесте қабылданады.

3. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Кеңестің ұсынысы бойынша тағайындалған депутатының өкілеттігін тоқтату туралы Кеңестің ұсынысы Кеңес шешім қабылдаған күннен бастап бес күндік мерзімнен кешіктірілмей Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізіледі."

38. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

3-1-тараудағы "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілді", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілге" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге" деген сөздермен ауыстырылсын.

39. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

25-бапта:

1-тармақтағы "заңдылығын" деген сөз "заңдылығына жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ "қаулы шығарады" деген сөздерден кейін ", ол міндетті түрде орындалуға жатады" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Прокурор жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау мақсатында өз қаулысымен сот орындаушыларының заңға сәйкес келмейтін актілерінің күшін жоюға құқылы."

40. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

15-баптың 1-тармағының 30) тармақшасындағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы" деген сөздермен ауыстырылсын.

41. "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

14-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөлікте:

"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы" деген сөздермен ауыстырылсын.

42. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

36-баптың 2-тармағының 10) тармақшасы "депутаттары," деген сөзден кейін " аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың," деген сөздермен толықтырылсын.

43. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

28-баптың 2-тармағындағы "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Заңында" деген сөздер "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында" деген сөздермен ауыстырылсын.

44. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "өмір бойғы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымда болу

мерзімінің өтуіне байланысты өкілеттігі тоқтатылған, өмір бойғы ай сайынғы қамтылымды алатын Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьяларын, өмір бойғы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-баптың 4) тармақшасында:

"судья" деген сөз "Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы, судья" деген сөздермен ауыстырылсын;

"судьялар" деген сөз "Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары, судьялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 11-баптың 7-тармағындағы "Өмір бойғы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымда болу мерзімінің өтуіне байланысты өкілеттігі тоқтатылған, өмір бойғы ай сайынғы қамтылымды алатын Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының судьяларына, өмір бойғы" деген сөздермен ауыстырылсын.

45. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

25-баптың 6-тармағының бірінші бөлігіндегі "Нұр-Сұлтан" деген сөз "Астана" деген сөзбен ауыстырылсын.

46. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 19-тармағы 13) тармақшасының он сегізінші абзацындағы "өмір бойғы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымда болу мерзімінің өтуіне байланысты өкілеттігі тоқтатылған, өмір бойғы ай сайынғы қамтылымды алатын Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары, өмір бойғы" деген сөздермен ауыстырылсын.

47. "Қоғамдық кеңестер туралы" 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде:

"Конституциялық Кеңесінің" деген сөздер "Конституциялық Сотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-баптың 4-тармағындағы "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 13-баптың 6-тармағының үшінші бөлігіндегі "хатшысы" деген сөз "төрағасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 23-баптың 1-тармағындағы "хатшысының" деген сөз "төрағасының" деген сөзбен ауыстырылсын.

48. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 9) тармақшасындағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-баптың 3-тармағындағы "республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 7-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті)" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 8-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

1) тармақшаның екінші бөлігіндегі "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

екінші және үшінші абзацтардағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "Есеп комитетімен" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палатамен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 9-баптағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 10-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-1-тармақта:

"Конституциялық Кеңесінде" деген сөздер "Конституциялық Сотында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Есеп комитетінде" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палатада" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 12-бапта:

тақырыптағы "Есеп комитетінің" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палатаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың бірінші абзацындағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші абзацындағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

бірінші абзацтағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақшадағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 14-баптың 8) және 10-1) тармақшаларындағы "Есеп комитетімен" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палатамен" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 15-баптың екінші бөлігіндегі "Есеп комитетінің" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палатаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 18-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігіндегі "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларындағы "Есеп комитеті", "Есеп комитетінің" деген сөздер тиісінше "Жоғары аудиторлық палата", "Жоғары аудиторлық палатаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші және екінші бөліктеріндегі "Есеп комитетінің" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палатаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Есеп комитетінің" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палатаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың үшінші бөлігіндегі "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 19-бапта:

2-тармақтағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 22-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "Есеп комитетінің" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палатаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 26-бапта:

2-тармақтағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

бірінші бөлікте:

"Есеп комитеті," деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата," деген сөздермен ауыстырылсын;

"Есеп комитеті бекіткен" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата бекіткен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 27-бапта:

1-тармақтағы "Есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

